

Тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаның нысанын, оны ұсыну қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 6 ақпандағы № 131 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 ақпанда № 16406 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 616 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 22.10.2025 № 616 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 440-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаны ұсыну қағидалары және мерзімі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаның нысаны бекітілсін.

2. Мыналар:

1) "Тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 24 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10284 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 наурызда жарияланған);

2) "Тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 24 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 651 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12703 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 26 қаңтарда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2018 жылғы 6 ақпандағы
№ 131 бұйрығына
1-қосымша

Тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаны ұсыну қағидалары мен мерзімі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаны ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 440-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және мынадай жағдайларда:

әкелінген тауарлардың өзіндік қасиеттері мен сипаттарын өзгертпей кейіннен Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелу кезінде;

әкетілген тауарлардың қасиеттері мен сипаттарын өзгертпей кейіннен Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына уақытша әкету кезінде;

оларды бір заңды тұлға шегінде беруге байланысты тауарларды әкелу (әкету) кезінде тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаны ұсыну тәртібін және мерзімін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың ережелері:

1) тауарларды уақытша әкелу (әкету):

жылжымалы мүлік пен көлік құралдарын мүліктік жалдау (жалға алу) шарттары бойынша;

көрмеде және жәрмеңкеде;

2) оларды бір заңды тұлға шегінде беруге байланысты тауарларды әкелу (әкету) кезінде қолданылады.

2-тарау. Хабарламаны ұсыну тәртібі және мерзімі

3. Хабарлама осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрде ұсынылады.

4. Хабарлама оның негізінде тауарларды әкелу (әкету) жүзеге асырылған әрбір шарт (келісімшарт) және Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) тауарлар коды бойынша салық төлеуші орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша мемлекеттік кірістер органына жеке ұсынылады.

5. Хабарлама:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген күннен бастап;

Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкетілген күннен бастап жиырма жұмыс күн ішінде ұсынылады.

Хабарлама тауарларды әкелудің (әкетудің) әр күніне ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2018 жылғы 6 ақпандағы
№ 131 бұйрығына
2-қосымша

1-жолда – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі (бұдан әрі – ЖСН, БСН);

2-жолда тауарларды әкелуді (әкетуді) жүзеге асырған тұлғаның атауы немесе тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

Заңды тұлға үшін атауы құрылтай құжаттарына сәйкес, жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), дара кәсіпкер үшін атауы дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес көрсетіледі.

"Тауарларды өткізу" деген 3-жолда:

3 I-ұяшық кейіннен Қазақстан Республикасы аумағынан әкетілетін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде немесе оларды бір заңды тұлға шегінде беруге байланысты тауарларды әкелу кезінде белгіленеді;

3 II-ұяшық кейіннен Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына тауарларды әкету кезінде немесе оларды бір заңды тұлға шегінде беруге байланысты тауарларды әкету кезінде белгіленеді;

"Тауарларды әкелу (әкету) үшін негіздеме" деген 4-жолда:

4 I-ұяшық кейіннен Қазақстан Республикасының аумағынан (аумағына) тауарларды әкелуге (әкетуге) болатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан (аумағына) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) тауарларды уақытша әкелу (әкету) кезінде белгіленеді. 4 I-ұяшық белгіленген кезде, А немесе В ұяшықтарына белгі қойылады;

4 I А-ұяшық жылжымалы мүлік пен көлік құралдарын мүліктік жалдау (жалға алу) шарттары бойынша тауарларды уақытша әкелу (әкету) кезінде белгіленеді;

4 I В-ұяшық көрме және жәрмеңкеге тауарларды уақытша әкелу (әкету) кезінде белгіленеді;

4 II ұяшық Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан (аумағына) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) тауарларды бір заңды тұлға шегінде оларды беруге байланысты әкелу (әкету) кезінде белгіленеді;

5-жолда аумағынан (аумағына) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) тауарларды әкелу (әкету) жүзеге асырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің коды көрсетіледі;

6-жолда шартпен (келісім шарт) анықталған негізінде әкелу (әкету) жүзеге асырылған және тауар құнына қолданатын валюта коды көрсетіледі;

7-жолда бұрын ұсынылған хабарламаның тіркеу нөмірі, осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес хабарлама қайтадан берілген жағдайда хабарламаның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8-жолда ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауарлардың 10 таңбалық коды көрсетіледі;

9-жолда әкелінген (әкетілген) тауарлардың толық атауы көрсетіледі;

10-жолда оның негізінде тауарларды әкелу (әкету) жүзеге асырылған шартқа (келісімшарт) сәйкес әкелінген (әкетілген) тауарлардың орналасқан орны көрсетіледі;

11-жолда оның негізінде тауарларды әкелу (әкету) жүзеге асырылған шарт (келісімшарт) туралы мәліметтер (атауы, күні және нөмірі) көрсетіледі;

12-жолда оның негізінде тауарларды әкелу (әкету) жүзеге асырылған шартта (келісімшартта) айқындалатын әкелінген (әкетілген) тауарлардың құны көрсетіледі;

13-жолда оның негізінде тауарларды әкелу (әкету) жүзеге асырылған шартқа (келісімшартқа) және/немесе тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес әкелінген тауарлардың саны, сондай-ақ өлшем бірлігі көрсетіледі. Аталған жол 3 I ұяшық белгіленген жағдайда толтырылады;

"Тауарларды әкелу мерзімі" деген 14-жолда:

"бастап" ұяшықта тауарларды әкелу күні көрсетіледі;

"дейін" ұяшықта шартқа (келісімшартқа) сәйкес тауарларды болжамдалған әкету күні көрсетіледі. Аталған жол 3 I ұяшық белгіленген жағдайда толтырылады;

15-жолда оның негізінде тауарларды әкету жүзеге асырылған шартқа (келісімшартқа) және/немесе тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес әкетілген тауарлардың саны, сондай-ақ өлшем бірлігі көрсетіледі. Аталған жол 3 II ұяшық белгіленген жағдайда толтырылады;

"Тауарларды әкету мерзімі" деген 16-жолда:

"бастап" ұяшықта тауарларды әкету күні көрсетіледі;

"дейін" ұяшықта шартқа (келісімшартқа) сәйкес тауарларды болжамдалған әкелу күні көрсетіледі. Аталған жол 3 II ұяшық белгіленген жағдайда толтырылады;

"Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)" деген жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі. Егер хабарламаны жеке тұлға ұсынған болса, жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес салық төлеушінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда), дара кәсіпкер үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес атауы көрсетіледі;

"Хабарламаны ұсыну күні" деген жолда хабарламаны мемлекеттік кірістер органына тапсыру күні көрсетіледі;

"Мемлекет кірістер органының коды" деген жолда салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша мемлекет кірістер органының коды көрсетіледі;

"Құжаттың кіріс нөмірі" деген жолда хабарламаның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

2. Хабарламада көрсетілген әкелінген (әкетілген) тауарлардың орналасқан орны туралы шарттың (келісімшарттың) талаптары өзгерген жағдайда, салық төлеуші алдыңғы хабарламада көрсетілген мерзім өткенге дейін хабарламаны қайтадан тапсырады.

Бұл жағдайда хабарламаны ұсыну кезінде тек мынадай деректер:

ЖСН (БСН) (1-жол);

тауарлар әкелуді (әкетуді) жүзеге асыратын тұлғаның атауы немесе Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) (2-жол);

алдыңғы ұсынылған хабарламаның тіркеу нөмірі (7-жол);

әкелінген (әкетілген) тауарлардың орналасқан орны (10-жол) толтырылады.

Егер хабарламада көрсетілген әкелінген (әкетілген) тауарлардың тұру мерзімі өткенге дейін тараптардың (контрагенттердің) өзара келісімімен уақытша әкелінген (әкетілген) тауарлардың тұру мерзімі ұзартылған болса, салық төлеуші бұрын тапсырылған хабарламада көрсетілген мерзім өткенге дейін хабарламаны қайтадан тапсырады.

Бұл жағдайда хабарламаны ұсыну кезінде тек мынадай деректер:

ЖСН (БСН) (1-жол);

тауарлар әкелуді (әкетуді) жүзеге асыратын тұлғаның атауы немесе Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) (2-жол);

алдыңғы ұсынылған хабарламаның тіркеу нөмірі (7-жол);

оның негізінде әкелу (әкету) жүзеге асырылған шарт (келісімшарт), оның негізінде әкелу (әкету) жүзеге асырылған шарттың (келісімшарттың) күні және нөмірі, шарттың (келісімшарттың) күні толтырылады (11-жол);

әкелу мерзімі (14-жол) немесе әкету мерзімі (15-жол) толтырылады.